



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтарға қол жеткізілді.

Ағылшын және қазақ тілдері фразеологизмдерді тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда теңеу образы ретінде келетін екі тілдегі атаулардың кездесу жиілігі мен арақатынасында айырмашылықтар бары анықталды.

Фразеологизмдердің ұлттық белгісі олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі кез келген халықтың бүкіл мәдени және психологиялық күрделі кешенін оның қайталанбас ойлау тәсілін жинақтайды. Бұл әр тілдің түрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, мағынасы ортақ болғанымен, негізінде жатқан бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады. Дегенмен екі тілге ортақ бейнелерге ие фразеологизмдердің кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді.

Қолданылған әдебиет

1. Абай. Энциклопедия. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, – Алматы: Атамұра
2. Ә. Т. Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері»– Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. 560-б.
4. Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.
5. В. Ю. Франк Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік тақырыптық сөздік. – Алматы, 2004.–2006.
6. 3500 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний. П. П. Литвинов. АСТ, Астрель. М.: –2007 г. 201-205 б.

ӘОЖ 81’373.8=111=531.169.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕР ЖӘНЕ АУДАРУДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аяз Назым Нұрғалиқызы

nazym-taraz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Аударма ісі тобының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Сәтенова

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады. Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Соңғы жылдары тіл білімінде қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі кеңінен өріс алып келеді. Қазақ тілі мен орыс тілін салғастыра зерттеуге арналған еңбектер құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеудің үлгісі бола алады. Тіл білімінде кейінгі жылдары зерттеліп келе жатқан саланың бірі - қазақ және герман тілдерінің фразеологизмдерін тіл біліміндегі жаңа бағыттардың ұстанымдарына сүйене отырып зерттеу болып отыр. Түркі-герман, оның ішінде, қазақ және ағылшын тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеу кейінгі уақытта ғана қолға алына бастағандықтан, әлі де болса шешімін таппаған талай мәселелер,

міндеттер баршылық. Осындай тың, қиын, өзекті мәселелердің бірі ретінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің аудармада берілу мәселесін айтуға болады. Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерін жүйелеп, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізіп, баяндау арқылы осы ерекшеліктерді анықтауға деген қызығушылық тудыры сөзсіз. Тіл біліміндегі салыстырмалы-салғастырмалы әдісті қолдану арқылы әртүрлі туыстас және туыстас емес тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, фразеологиялық т.б. жүйелерін салыстырып, салғастырып зерттеуге болады. Бұл әдістің түп төркіні ХІХ ғасырдың басынан бастап туыстас тілдер семьясы мен тобы, олардың туыстық қатынасы мен дәрежесін зерттеуге арналған салыстырмалы-тарихи әдісте жатыр. Салыстырмалы-тарихи әдіс туыстас тілдердің деректерін салыстыра тарихи тұрғыдан зерттеп, ондағы лексикалық және грамматикалық құбылыстардың шығу тегі, өзгеруі мен дамуын және түп тегінің бірлігін анықтау үшін қолданылған. Кейіннен осы атақты әдістің нәтижелері мен деректерін есепке ала отырып, тіл білімінің жаңа принциптері айқындалды, бұрынғы деректер жаңа мәліметтермен толықтырылды. ХХ ғасырда салыстырмалы әдіс арқылы туыстас емес тілдерді де салғастыра зерттеуге болады және зерттеу керек деген пікір кең өріс алды. Бұл әдістің соңғы жылдары кең тарағандығы соншалық, тіпті осыған байланысты тіл білімінің жаңа тараулары, зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды: салыстырмалы-салғастырмалы фонетика, салыстырмалы-салғастырмалы лексикология, салыстырмалы-салғастырмалы грамматика, салыстырмалы-салғастырмалы фразеология тілдің тағы сол сияқты басқа салалары өз алдына дербес пән ретінде қаралып, талай ғылыми еңбектердің негізгі нысандары болды.

Тіл білімінің басқа салалары сияқты фразеология да бүгінгі таңда терезесі тең, дербес пәнге айналып отырғаны мәлім. Фразеология саласын тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптастыруда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және шетелдік ғалым-фразеологтардың еңбектері ерекше орын алады. Н.И.Амосова, А.В.Кунин, И.И.Чернышева, В.Флейшер (W.Fleischer), М.М.Копыленко, І.Кеңесбаев, А.Т.Қайдар, А.Д. Райхштейн, С.Е.Исабеков, С.К.Сатенова, З.Қ.Ахметжанова, Д.Добровольский, М.Сабитова, К.К.Дүйсекова т.б. атақты ғалымдардың жалпы және салғастырмалы фразеология мәселелеріне арнап жазған құнды-құнды еңбектері жарық көрді.

Еліміз егемендік алып, әлемдік өркениет биігіне ұмтылып отырған заманда, жоғары дамыған Еуропа елдерімен саяси, экономикалық, мәдениаралық қарым-қатынастың дамып отырған уақытында – қазақ тілін Еуропаның беделді тілдерінің бірі ағылшын тілімен салғастыра зерттеу – баға жетпес құнды дүние. Бүгінгі таңда адамзат тарихының шексіз өрлеп, кемелденген заманында, мәдениет пен өнер, саясат пен тіл салаларында халықаралық қатынастың дамып, жанданған уақытында салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі өзекті де көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Тілдерді салыстыра –салғастыра зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге жол ашады. Осындай зерттеулер мәдениетаралық қатынастың төрінен орын алып, халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен ат салысады. Бұл ретте қазақ тілі фразеологиясын герман (неміс, ағылшын) тілдері фразеологиясымен салғастыра зерттеген Карбозова Г., Арғынғазина Ш., Оспанова Ф., Молдасанова А., Қапышева Г., Атаханова Р., Мықтыбаева Т сынды ғалымдарды айтуға болады. Бірі түркі, бірі герман тілдері тобына жататын қазақ және ағылшын, қазақ және неміс тілдерінің тілдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін түрлі тілдік бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бойынан тауып, олардың бір-біріне ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесін анықтауға, ұлттық нақышты тереңірек түсінуге талпынған ғылыми еңбектер баршылық, дегенмен шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Осындай негізгі мәселелердің біріне қазақ және герман тілдеріндегі фразеологизмдерді қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары мен ұстанымдары негізінде салыстыра-салғастыра зерттеу жатады.

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік

лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашқаны анық. Тілді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің өкшесін баса өз бастауын алған жаңа бағыттардың бірі – тіл арқылы ел тану. Фразеология саласында бұл бағыттың алар орны ерекше, өйткені әр тілдің фразеологизмінде үлкен мазмұн – халық өмірі, мәдениеті бар. Фразеологизм мағынасындағы елтану потенциясының пайда болу принциптері тіл арқылы елтану бағытының еншісі болып табылады. Тіл арқылы елтану теориясының пайда болып дамуы фразеология саласын жаңа қырынан, яғни фразеологизмдерді кез келген халықтың ұлттық мәдени дамуының айнасы ретінде қарастыруға мол мүмкіндік береді.

Отандық ғалымдар М.М.Копыленко, Ә.Қайдар, Е.П.Жанпейісов этнолингвистиканың теориялық мәселелерін қарастырып, мақсат мүддесін, зерттеу нысанын, әдіс-тәсілдерін айқындап берді. «Бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеріп, оның бейне бір тұңғыық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп танып-білу жүйелей түсіп жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың мақсаты» деп түсініктеме береді Ә.Қайдар өзінің «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде [1]. Сонымен, тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Мәдениет – адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі.

Теңеу - танымдық қызметі зор, ең көне, әрі қарапайым, тілде жиі қолданылатын логикалық теңестіру тәсілі. Шындық әлемді танудың қисынды құралы бола отырып, теңеу мейлінше көп қырлы, мазмұнды тілдік құбылысты білдіреді. Ойлау өрісі ретінде теңеудің дүниені эмоционалды түрде қабылдауы және ондағы қайсы бір құбылысты салыстыра бағалау тұрғысынан қандай да бір нысанға мән берудегі салмағы ерекше. Философиялық жақтан қарастырғанда, теңеу адамның абстрактілі ойлауын дамытудың көрінісі болса, лингвистикалық тұрғыдан осы ойдың тілдік қолданыста бейнеленуі. Сонымен бірге теңеу – сипатталушы нысанның бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін көркемдік әдіс. Теңеу – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан таныстыратын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы. Басқа тілдік бірліктер секілді тұрақты теңеулер де адамның танымдық мүмкіндігін тілдік қабілетімен сабақтастырудан бастау алатындықтан, басты назар олардың когнитивтік негіздеріне аударылады.

Фразеологиялық теңеулер фразеологизмдердің басқа түрлерінен өзінің логикалық құрылымы, компаративті мағынасы мен стильдік қызметі арқылы ерекшеленеді. Фразеологиялық теңеулер табиғатын зерттеуде фразеологиялық теңеу мен метафораның өзара байланысы, ұқсастығы мен айырмашылықтарына тоқталу қажет. Осы мәселеге арналған ғылыми еңбектерде фразеологиялық теңеулер мен метафоралар тілде қатар қолданылады, себебі олар өзара тығыз байланысты деген пікір бар. Теңеу мен метафораның ортақтығы – олардың заттар мен құбылыстар негізінде фразеологиялық ассоциация жасауынан көрінеді. Алайда, оларды мазмұн жағынан ажыратып қарастырған жөн. Теңеуде салыстырушы теңеу заты және оған қажетті негіз бар. Ал метафораға ондай негіз қажет емес. Фразеологиялық теңеулер екі затты салыстырудың нәтижесі болса, метафоралар – олардың ұқсастығының нәтижесі *She is a fox* – ол түлкі; *She is as sly as a fox* – ол түлкідей қу, айлакер.

Фразеологиялық теңеулер кез келген тілдің фразеологиялық қорының елеулі бөлігін құрайды. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика-философиялық және лингвистикалық категориялардың санатына жатады. Теңеу лингвистикалық категория ретінде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының бәрінің де зерттеу нысаны бола алады. Бұл бағыттардың ішінде құрылымы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жүргізудің мәні ерекше. Себебі халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың жалпы фразеологиясынан, оның ішінде әсіресе, фразеологиялық теңеулерден көрініс табады.

Фразеологиялық теңеулер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы. Сондықтан, туыстас, не туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда туыстығы жоқ қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерінің мағына қалыптасуының негізін ашу ерекше мәнге ие. Теңеулердің ішкі мазмұнын анықтауда уәжтану теориясына жүгінген жөн. Уәждеме теориясына сүйене отырып, бастапқы еркін тіркестер негізінде жасалған фразеологизмдердің түп төркініне зер салып, уәжін айқындау, сол арқылы тіркестің қалыптасу түп көзін тауып, өзіндік ерекшеліктерін ажырату арқылы олардың мәні мен мазмұнын ашуға болады. Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәжделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *құмырсқадай құжынаған, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты*, ағылшын тіліндегі *dumb as a fish* (балықтай тілсіз), *as brave as a lion* (арыстандай айбатты), *dance like an elephant* (пілше билеу) сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формасы айқын, яғни олардың мағыналары ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан.

Кейбір зерттеушілер фразеологиялық теңеулердің негізінде адам өмірі мен қызметінің тұстарын бейнелейтініне байланысты екі тілдегі мағыналық-тақырыптық топтарын: Адам мінезі мен ақыл-ой қабілетін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: *Қарабайдай қатыгез, дала бүркітіндей қырағы*; Ағыл.: *a memory like an elephant* (сөзбе-сөз: есі пілдей), яғни еске сақтау қабілеті жоғары, тамаша, *as blunt as a hammer* (сөзбе-сөз: балғадай ақымақ) яғни топас. Адамның жағдай-күйіне байланысты ФТ-лер: Қаз.: *сең соққан балықтай, жарасын жалаған иттей, жаралы арыстандай аласұрды*; Ағыл.: *as miserable as a bandicoot* – (қалталы қортышқандай) – бақытсыз, аянышты, *as still as a mouse* – тышқандай жасырынып тұру т.б. Адамның сыртқы келбетін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: *қырмызыдай ажарлы, ақ маралдай әдемі*; Ағыл.: *as fair as a lily* – лилия гүліндей сұлу, *pale as death* – өліктей бозарған. Адамның өмірі мен қызметін сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: *түлкі қуған тазыдай соңына түсу, ит пен мысықтай өмір сүру*; Ағыл.: *as thick as thieves* (бір-біріне ұрылардай жақын болу) – жан дос, айырылмас дос, *to live like cat and dog* – мысық пен иттей өмір сүру. Адамның эмоциялық жағдайын сипаттаушы ФТ-лер: Қаз.: *найза үстінде отырғандай, тышқан алған мысықтай*; Ағыл.: *to shake /quake/ tremble like an aspen leaf* – көк теректің жапырағындай қалтырау, *to sit on a powder keg* – оқ-дәріге толы бөшкенің (күбінің) үстінде отырғандай деп жіктейді[2].

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің жалпы мағынасы мен фразеологиялық мағынаны жасаудағы теңеу бейнесінде қолданылатын ұйытқы сөздерді зерделей келе келтірілген мысалдардан теңеу бейнесінің негізі ретінде екі тілде әр түрлі мағыналық топтардың құрамына кіретін атаулар қолданылатыны көрінеді. Олардың қолдану аясында әр тілге тән ерекшеліктермен қатар, екі тілге де ортақ белгілері де кездеседі. Фразеологиялық теңеулердің қалыптасуына адам санасында қандай да бір ұғым тудыратын бейне себепкер болады.

Ағылшын тіліндегі фразеологиялық теңеулер көбі сөзбе-сөз аударылып, төмендегідей беріліп жүр: *A mind like a steel trap* (ақылы құрыштан жасалған қақпандай берік), *as sharp as an owl* (үкідей дана, ақылды), *as smart as paint* (суреттей икемді, ақылды), *as solemn as an owl* (сөзбе-сөз: үкідей дана), *wise as Solomon* (Соломондай дана, ақылды), *(as) wise as a serpent* (абжыландай ақылгөй, ақылды), *as bold as a lion* (арыстандай күшті), *as strong as a bull* (өгіздей күшті), *as strong as a horse* (аттай күшті), *like a Trojan* (Трояндықтай, яғни трояндықтай күшті, батыл), *to fight like a lion* (арыстандай айқасу), *As fleet as a deer* (сөзбе-сөз: ұшқыр, жүйрік бұғыдай), *as swift as an arrow* (сөзбе-сөз: оқтай жылдам), *go out like a candle in a snuff* (шам білтесінің күйесіндей жоқ болу), *in two shakes of lamb's tail* (қозының құйрығымен екі сермеуіндей тез), *like greased lightning* (найзағайдай жылдам), *run like the*

wind (желдей есу) т.б. бұл фразеологиялық теңеулер адамның жылдам, тез жасайтын іс-қимылын бейнелі түрде көрсету үшін қолданылады.

Бүтіннің мағынасының бөлшектерінің мағынасынан басым болуы фразеологиялық бірліктерге, яғни байланысқан сөз тіркестеріне тән қасиет болып табылады. Сондықтан, аудармашыға фразеологизмді оның бөлшектерінің мағынасына емес, бүтіннің жалпы мағынасына сүйене отырып аударуына тура келеді. Фразеологиялық бірліктер образды және образды емес болып бөлінеді. Образды фразеологиялық бірліктерге мысал ретінде келесі фразеологизмдер бола алады: *to make a sacrifice* – құрбандық шалу, *to have a good sleep* – жақсы ұйықтап тұру, *to pay attention* – назар аудару. Мұндағы аудармашының басты міндеті – аудармада сөздердің орыс тілінде үйлесу нормасын қатал сақтау, себебі ағылшын үйлесімінің әсер етуі жиі буквализмге әкеліп соғады. Образды емес фразеологиялық бірліктердің аудармасы аудармашының жұмысына аса қиындық келтірмейді. Тұрақты сөз тіркестерін аударған кезде негізгі қиындықтар образды фразеологияны аударғанда туындайды, өйткені олар тілге әсерлілік пен әдемілік енгізеді. Аудармашының міндеті орыс тілінде фразеологизмнің мағынасын ғана беру емес, сонымен қатар оның образдылығы мен экспрессивтілігін де жеткізу. Ағылшын фразеологиясы аудармада кезінде сәйкестіктер табуды қиындататын мағыналық және стилистикалық дифференциалданбағандығымен ерекшеленеді.

Эквиваленттер көмегімен аударылатын фразеологиялық бірліктер тобына интернационалды сөздер, яғни көптеген еуропалық тілдерде болатын және бір бастаудан шығуымен байланысқан фразеологиялық бірліктер. Негізінде бұл сөздер библиялық-мифологиялық немесе әдебиетке бейім қасиетке ие. Мысалы: *sword of Damocles* – Дамокл қылышы, *to cross the Rubicon* – Рубиконнан өту, *to shed crocodile tears* – қолтырауын көз жасын төгу. Осыған ұқсас бірліктердің аудармасы аса қиындық келтірмейді. Эквиваленттер абсолюттік және қатыстық болып бөлінеді. Тұрақты сөз тіркестерінің абсолюттік эквиваленттері түпнұсқамен барлық жағынан: грамматикалық та, лексикалық та, стилистикалық та жағынан сәйкес келеді. Мысалы: *to cast a glance* – көз қырын салу, *the bitter truth* – ащы шындық, *to play with fire* – отпен ойнау. Тұрақты сөз тіркестерінің қатыстық эквиваленттері түпнұсқамен мағынасы мен стилистикалық жағынан сәйкес келгенімен, оның түпнұсқадан айырмашылықтары да болады. Бұл айырмашылықтар грамматикалық (айырмашылығы жақта, сөз тәртібінде) немесе лексикалық болуы мүмкін. Мысалы: *gross widow* – қамыс жесір, *to kill the goose, that lays the golden eggs* – алтын жұмыртқа табатын тауықты өлтіру, *a bird may be known by its soar* – құсты ұшуына қарап біледі, *to play in smb's hands* – біреудің қолында ойнау, *to fish in troubled waters* – лай суда балық аулау. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мағынасы мен образдылық жағынан сәйкес келетін образды фразеологиялық бірліктердің саны анағұрлым аз. Оған қарағанда аудармашыға мағынасы ағылшын фразеологизміне аналогиялы болып келетін, бірақ басқаша негізделген қазақ фразеологизмдерін жиі қолдануға тура келеді. Мысалы: *to work one's fingers to the bone* – демалмай жұмыс істеу, *to hit the bird in the eye* – дөп (тап) басы, *on foot's horse*, *to catch somebody red-handed* – біреуді әшкерелеу. Осындай фразеологизмдер ағылшын фразеологизмдерінің аналогтары болып табылады. Мысалы, *to go to a better world* ағылшын фразеологизміне: о дүниеге кету, бұл дүниемен қоштасу, о дүниеге аттану, ата-бабасына аттану сияқты синонимдер сәйкес келеді. Аудармашы контекстің ерекшеліктерін ескере отырып, аналогтардың біреуін таңдайды. Спецификалық ұлттық фразеологизмдердің аудармасы жөніндегі сұраққа жеке тоқталу қажет. Мұндай образды бірліктерді аударған кезде аудармашы негізгі үш ережені қолдануы қажет: 1. Дәлме-дәл аударманы егер де оқырманға фразеологизмнің құрамындағы ағылшын жағдайы жақсы таныс болса ғана қолдану. Мысалы: *to carry coals to Newcastle* ағылшын фразеологизмін: Ньюкаслге көмір тасу деп аударуымызға болады. Себебі, Ньюкасл – Англиядағы көмір өнеркәсібінің орталығы екендігін барлығы біледі. Ал егер екінші жағынан алып қарасақ, *to grin like a Cheshire* фразеологизмін дәлме-дәл «Чеширлік мысық секілді жымию» деп аударуға болмайды, себебі бұл оқырманға түсініксіз болады. Дұрыс аудармасы: «езуі құлағына жеткенше жымию»

болады. To dine with Duke Humphrey фразеологизмін дәлме-дәл: «герцог Хэмфримен түстену» деп аудару да дұрыс емес, дұрысы: «түскі ассыз қалу» болады. Ұлттық бояуы жоқ ағылшын фразеологизмдерін орыс тілінде ұлттық бояулы фразеологиялық бірліктермен жеткізуге тырысу. Мысалы: on fire to fight like Kilkenny cats - өмір үшін емес, өлім үшін күресу, т.б. Егер де қандай да бір ағылшын тіліндегідей эквиваленті болмаса, бұл сөзбе-сөз аудармада түсініксіз жағдайға әкеліп соғуы мүмкін. Аудармашыға одан бас тартуға тура келеді оның жалпы мағынасын жеткізу және суреттеу аудармасын қолдану, мүмкін оның фразеологиялық бірлік мағынасын түсіну еркін сөздердің үйлесуі арқылы. Мысалға алсақ, ағылшын фразеологиясын a skeleton in the cupboard немесе a skeleton in the closet, білдіру мағынасы отбасы құпиясының басқалардан жасырылатын қолайсыз жағдай. Калькирование түсініксіз жайтқа әкеліп соқтырады «скелет шкафта». Яғни осы суреттеу аудармасының әдісімен жалғастыра беруіміз өте-мөте қажет, ол дегеніміз осы фразеологизм мағынасын еркін сөз үйлесімдігі арқылы түсіндіру.

Қолданылған әдебиет

1. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – Москва: Высшая школа, 1996. – 381с.
2. Peter Watcyn-Jones. Test your idioms. – China: Penguin English Guides, 2002. –133 p.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
4. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі. – 1998. – 304 б.
5. Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: Дисс.филол.ғ.к. – Алматы, 2005. – 132 б.

ӘОЖ 811.512.122'25

КИНО АУДАРМАСЫНДАҒЫ СУБТИТР МӘСЕЛЕСІ

Бегалидова Айжан Маратовна

aijanbega@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Филология факультеті

Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Л.Б.Киманова

Субтитрлер көмегімен аудару әлемде ең кең таралған кино және видео аударманың (КВА) екі түрінің бірі болып табылады. Отандық ғылыми әдебиеттерде оны әр түрлі атайды: субтитрмен аударма (Горшкова), подтекст (Лотман), субтитрлеу. Соңғы нұсқасы студия мамандарының арасында кең қолданыс тапты, бұл жұмыста біз «субтитрлеу» терминін қолданамыз себебі ол бізге ықшамдығы себебінен өте ыңғайлы болып табылады (бір сөз) және маман емес адамдарға түсінікті («подтекст» терминімен салыстырғанда). Субтитрлеу деп ары қарай субтитрлерді жасау үрдісі айтылады.

В.Е.Горшкова әр түрлі ел мамандары аталған терминге берген анықтамаларын жалпылап, тіл аралық субтитрлеудің келесі анықтамасын ұсынды: «фильм диалогтарының негізгі мағынасын жеткізетін қысқартылған аударма... түпнұсқа нұсқадағы фильмнің визуалды қатарын баспа мәтін түрінде жалғастырады және әдетте экранның төменгі бөлігінде орналасады [1,39].

Субтитрлер үш категория бойынша классификацияланады (өзгеріс сипаты бойынша, өндіріс тәсілі бойынша, аудитория типі бойынша). Олардың кезек кезегімен қарастырайық:

I. Өзгеріс сипаты бойынша екі түрге бөлінеді:

1. Тілішілік субтитрлер;